



КАЗАНЬ

ӘДӘБИӘТІ

# Оралхан БӨКЕЙ

## ТОЙЫНА ДАЙЫНДЫҚ

### басталды

**Өткен жылы Астанада, Ұлттық академиялық кітапханада алтынмен аптап, күміспен күптелген, көз жауын алғандай өсем безендірілген 20 кітаптың тұсаукесері өткені есімізде. «Алтай-Ертіс кітапханасы» деп аталған бұл серияның авторы да, қолдаушысы да, ұйымдастырушысы да Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев еді.**



Елордалық беделді баспа «Фоллианттан» жарық көрген бұл серия халқымыздың өткендегі Абай, Шәкір Әбенев, Көкбай Жанатайұлы сияқты ұлыларынан басталып, осы заманғы Ұлықбек Есдәулет, Нұрлан Мәукенұлы, Дидахмет Әшімханұлы сияқты таланттардың том-том жинақтарына дейін ұласып жатты.

Қазақстанның Шығыс өңірі – Өскемен мен Семей небір айтулы ақын-жазушылар шыққан құнарлы өлке, дарынға да, данаға да бай киелі мекен. Сондықтан аталған жоба екінің бірі қолға ала қоймайтын, көп қаржыны талап ететін күрделі бастама болатын. Азаматтық қажыр, мықты тегеурін, руханият мүддесін биік ұстайтын ұлтжандылық, Абай айтқан – «Ыстық жүрек, нұрлы ақыл, жылы жүрек» Бердібек Сапарбаев мырзаның болмысынан, кісілік келбетінен бұл істе де жарқырай көрініс берді.

Жақсының жақсылығын айту – парыз. Сол ретте ұлттық әдебиетіміздің үлкен жанашыры, мәдениетіміздің қамқоры Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың елге сіңірген еңбегі республика жұртшылығының көз алдында. Шығыс өңірі ғана емес, жалпы ел зиялылары бұл әкімнің ісіне де, кісілігіне де дән риза. Қашан да Елбасының тапсырмасын тыңғылықты орындап, жарғақ құлағы жастыққа тимей, күн демей, түн демей тынымсыз шапқылап жүргені. Соның бәрі халықтың қамы, ел мүддесі үшін екенін білеміз.

Әкімнің мәдениетке қамқорлығының бір дәлеліндей, жуықта ол Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, аса көрнекті жазушы-драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 70 жыл толу мерейтойын үлкен дайындықпен, лайықты түрде өткізу жөнінде шешім қабылдады, жыл бойы атқарылар іс-шаралардың жоспарын бекітті.

Осы ауқымды жоспардың ішінен қадау-қадау теріп, мынадай іс-шараларды атап айтуға болады:

«Оралхан Бөкей және біз» атты жас журналистер шығармашылығына арналған конкурс ұйымдастырылмақ. Мектеп оқушылары, колледж студенттері арасындағы Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз шеберлерінің дәстүрлі республикалық байқауына бұл жылы тың серпін беру көзделуде.

«Адал достық туралы» атты О.Бөкей әңгімелеріне арналған студенттер мен оқушылар шығармаларының байқауын өткізу жастардың жазушы туындыларына қызығушылығын оятары сөзсіз.

«Қайдасың, қасқа құлыным» атты театр апталығын өткізу қазақ драматургиясында жарқ етіп көрініп, біраз жазушылардың драматургия

жанрында бақ сынап, белді драматург атануына ықпал еткен Оралхан Бөкейдің шығармаларын елге таныта түседі.

«Айналайын, Алтайым!» атты туристік саяхат жобасын әзірлеп, өткізу бұрыннан қасиетті жерлері мол Алтайдың табиғат сұлулығын танытары сөзсіз.

Оралхан Бөкей атындағы Республикалық мүшәйра өткізу кезінде қазақтың ұлттық жаратылысына етене тән ат жарысы – бөйге ұйымдастырылмақшы.

Жазушының «Бес тиын» әңгімесінің негізінде жасалған қойылыммен аудандарға гастрольдік сапарлар жасап, алыс түпкірдегі ауыл тұрғындарымен қауышу жобаланған.

Жазушы шығармалары желісімен Өскемен қаласында «Алтайдың асқақ шыңы» атты облыстық екінші фестивалі мен Республикалық «Ағажай Алтай» фестивалін өткізу жоспарланды.

Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, «Оралхан» атты жазушы шығармаларының 70 баспа табақтық бір томдық кәдесый үлгісінде басылған жинағын «Қазақпарат» баспасы, «Алтайдың мұзбалағы» атты жазушы туралы замандастарының естеліктер кітабын «Өнер» баспасы шығармақшы.

Бюджеттен тыс қаражат есебінен Катон ауылына жазушыға ескерткіш орнату, Шыңғыстай ауылындағы бюстін қалпына келтіру, Өскемен қаласының көрнекті жеріне Оралхан Бөкейдің бюстін орнату, деректі кинофильм түсіріп, көрерменге ұсыну да жоспарда тұр.

Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп, Алматы қаласында мерейтойға арналған салтанатты кешті ұйымдастырып, өткізуге қатысу, Қытай Халық Республикасы Шыңжаң өлкесінде жазушы мерейтойына арналған іс-шараларға қатысу – осының бәрі жазушы құрметіне лайық іс-шаралар екені даусыз.

Әлбетте, қазақ прозасының қайталанбас өкілі Оралхан Бөкейдің шығармашылық асыл мұрасы ең алдымен, халық игілігіне қажет. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ жан азығын дұрыс қамдап алмаса, өмір жолында оң бағдар болмай, рухы шыңдалмайды. Ал романтикалық сарындағы О.Бөкей шығармалары әлі талай ұрпақтың қиялын тербеп, асқақ армандарға жетелеріне күмән жоқ.

Көркем әдебиет – рухани қоректің ең құнарлысы екенін білетін, сол мақсатта ауқымды шаралар жоспарлаған әкімге зор рахмет. Мұндай шешімдер Қазақстанның басқа өңірлері үшін де үлгі болуы керек деген ойдамыз.

**Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,**  
жазушы.